



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырамыз

2019 жылғы 15 мамырда Ақтөбе облысының әкімдігі Ақтөбе облысының прокуратурасымен, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясымен, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтымен және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетімен бірге Ақтөбе қаласының 150 жылдығына арналған **«Құқық бұзушылықты ескерту мен алдын алудағы қоғамның ролі және құқық қорғау органдарымен өзара әрекеті»** тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Конференция жұмысына ғылымның көрнекті ғалымдары — ғылым қайраткерлерімен қатар жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті өкілді органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, мемлекеттік және құқық қорғау жүйесінің практикалық органдарының қызметкерлері, мамандар мен сарапшылар, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының оқытушылары мен құқықтанушы ғалымдары қатыса алады.

Конференция жұмысы келесі басты бағыттар бойынша жоспарланып отыр:

1. Құқық бұзушылықты ескертудегі қоғамның ролі: құқық қорғау органдарына қоғамдық сенім білдіру қағидалары, мәселелері және оларды шешу жолдары.

2. Мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті өкілдік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың құқық тәртібі мен және құқық бұзушылықтың алдын алуды қамтамасыз етудегі бірлескен жұмысы.

3. Құқық қорғау органдарының құқық бұзушылықтың алдын алу мен ескерту жөніндегі қызметі: шындық және болжам.

Конференция жұмысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Ұсынылған материалдар конференция жұмысы басталғанға дейін жарияланады. Қатысу шарты: конференцияға қатысу үшін, ұйымдастыру комитетіне **2019 жылғы 15 сәуірден** кешіктірмей, өтінім (өтінім үлгісі

ұсынылады) мен баяндаманы қағазға басылған түрінде және электронды тасымалдағышта жолдау қажет.

Конференцияға қатысушылардың еңбегі тегін жарияланады.

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

5-8 парақ көлеміндегі мақала Microsoft Word пішімінде; Times New Roman қарпінде; өлшемі – 14; жол аралығы -1,5; жиек сызықтары: сол жағы – 2 см., оң жағы – 2 см., жоғары және төменгі жақтары – 2 см-ден. Сілтемелерді автоматты түрде қою қажет (Alt+ctrl+f).

Бірінші жолда — автор(-лар)дың тегі, аты-жөні, лауазымы, шені, ғылыми дәрежесі (бір баяндамада немесе мәлімдемеде үш автордан артық көрсетілу құпталмайды), бір жолдан кейін ұйым, қала, автор(-лар)дың e-mail көрсетіледі.

Жоғарыда орта тұсында — баяндаманың аты бас әріптермен тасымалданбай, жартылай майлы әріптермен жазылады.

Бір жолдан кейін — мақала мәтіні. Қолданылған әдебиеттер тізімінің болуы міндетті. Тасымалданбайды. Материалдар барлық талаптарға сай мұқият редакцияланған болуы қажет. Аталған конференция тақырыбына, рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне бекітілген мерзімнен **(2019 жылғы 15 сәуірден)** кешіктіріліп ұсынылған мақалалар конференция материалдарының жинағына енгізілмейді және авторға қайтарылмайды. Материалдар авторлық редакцияда жарияланады.

Қатысуға өтінім

Автордың тегі, аты, әкесінің аты _____

Жұмыс орны, лауазымы _____

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____

Арнайы (әскери) атағы _____

Мекеменің атауы _____

Мекеменің мекенжайы мен пошталық индексі _____

Мақаланың тақырыбы _____

Секция атауы _____

Қатысу нысаны (келіп қатысу/сырттай) _____

Мультимедиялық сүйемелдеудің қажеттілігі (егер қажет болса, қандай) _____

Байланыс телефондары, эл. пошта _____

«Өтінімдерде» ешқандай **қысқартулар мен аббревиатурларға** жол берілмейді.

Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды, баяндама материалдары жарияланбайды.

Жүріп-тұру, тамақтану шығындары конференцияға жіберуші тараптың қатысушысы есебінен жүзеге асырылады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Курсанттар тас жолы, 1, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты. Қосымша мәліметтер алу үшін +7(7132) 972918 (120-ішкі) телефоны, ooniirir@yandex.kz эл.поштасы бойынша байланыса аласыздар.

Құрметпен, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ КОМИТЕТ.